



Автор: Гакашина Индира Карабекқызы

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Менің отбасым және достарым

Тақырып: Менің сыныптас достарым. Ы дыбысы мен әріп.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.3.9.1. Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. 1.3.11.1.Сөйлемді бас әріптен бастап жазып,сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.
Сабақтың мақсаты:	1.3.9.1.Әріпті тану,ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. 1.3.11.1.Сөйлемді бас әріптен бастап жазып,сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.
Тілдік мақсаттар:	Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Достар - друзья, Ыдыс - посуда, Туған күн - день рождения Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Оқушылар қандай сабақтарда болды? 2. Олар әр сабақта немен айналысты? 3. Сауат ашу сабағында қай әріппен танысты?
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар орындайды: Ы дыбысы мен әріпін меңгереді, сөздерге дыбыстық талдау жасайды. Ы дыбысының сөздегі орнын анықтайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Қарапайым сөздер мен сөйлемдерді буындап,тұтас, дауыстап оқи алады. Кейбір оқушылар орындай алады: Күрделі емес мәтіндер мен суретті кітаптар бойынша қарапайым сұрақ қоя біледі.
Бағалау критерийлері:	- Тақырыпқа байланысты керекті сөздерді,сызба,сурет белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдерден мәтін құрастырады және жазады. - Әріпті таниды,ажыратады және оны дыбыспен сәйкестендіреді. - Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтады. - Сөйлемді бас әріптен бастап жазып сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қояды.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір - біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба, таныстырылым.
Пәнаралық байланыс:	Өнер,ана тілі,музыка.
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (1 мин)</p>	<p>Шаттық шеңбері: " Ақ тілек,әсем күлкі" тренингі - Көңіл - күйлеріңз қалай ? - Керемет! (қолдарын көтереді) - Сабаққа дайындықтарың қалай ? - Тамаша ! (қол шапалақтайды) - Ынталарың қалай ? - Ғажап ! (Бас бармақтарын көтереді) -Ендеше сабағымызды бастайық! - О,о,о ! (шапалақтайды) -Міне, осындай жылумен сабағымызды бастаймыз</p>	<p>Интербелсенді тақта</p>
<p>Сабақтың ортасы (25 мин)</p>	<p>Ой шақыру. Мәтінді оқу. Менің сыныптас достарым. Мен, Елтай орта мектебінің 1 - сыныбында оқимын және білім аламын.Менің сыныптас достарым өте мейрімді,сауатты,ақылды,ақкөңіл оқушылар,олар қиын сәттерде тастап кетпейді,керісінше көмектеседі.Мен өз сыныптас достарымды жақсы көремін және оларды құрметтеймін. 1. Тыңдаған мәтінде кімдер туралы айтылған? Суретпен жұмыс Ы дыбысына қонаққа келген қонақтардың аттарын табу.Ол сөздерге дыбыстық талдау жасау. Жұмбақ Кесе,шыны,пиала Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейміз, Бәрінің атын не дейміз? (Ыдыс) - "Ыдыс" деген сөзде бірінші қандай әріп келіп тұр?(Ы әрпі) Ендеше,балалар бүгін біз Ы әрпімен танысамыз.Ы дауысты дыбыс. "Ыдыс" сөзін буынға бөлейік. Неше буын болды?(екі буын) Ыдыс сөзін бірнеше рет қайталап,созып айтқызу (Ы - ы - ды - ы - ы - с). Оның таңбасын көрсетіп,әрпімен таныстыру. Кеспе әріптердің көмегімен буындар құрастырып, оларды сынып оқушыларына оқыту (ыл,ыс,ыр,ыш). Хормен тізбектеп оқыту. Дәптермен жұмыс Дәптерімізді ашайық Салақтықтан қашайық Қолға қалам алайық Көркем етіп жазайық. Ауада жазу Ыы Жазу дәптеріндегі ы әріпінің баспа, жазба түрлерін салыстыру.Қолдың еркін жазуына арналған жаттығу жасау.Ы әріпін үлгідегідей жол аяғына дейін жазу. Сергіту сәті Топпен жұмыс Суреттерге қарап өз топтарымен сұраққа жауап беру. 1.Оқушылар қандай сабақтарда болды? 2.Олар әр сабақта немен айналысты? 3.Сауат ашу сабағында қай әріппен танысты?</p>	<p>Аудио ұнтаспа Дәптермен жұмыс Оқулық Сюжетті суреттер</p>
<p>Сабақтың соңы (7)</p>	<p>"Ыстық орындық" стратегиясы Ы дыбысы қандай дыбыс? Ы дыбысы бар сөздерді айтыңдар? Ыдыс сөзіне сөйлем құрастыр? Кері байланыс Бүгін сабақта: білдім жасадым үйрендім</p>	<p>Сюжетті суреттер</p>
<p>Рефлексия (2 мин)</p>	<p>Бас бармақ арқылы мадақтау.</p>	<p>Көңіл күй смайликтері</p>